

Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2014 жылғы 31 қаңтардағы № 34 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 28 ақпанда № 9179 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 14 қарашадағы № 494 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2014.11.14 № 494 бұйрығымен.

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің кейбір бұйрықтарына мынадай өзгерістер мен толықтырулар е н г і з і л с і н :

1) «Қазақстан Республикасының Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2013 жылғы 13 наурыздағы № 72 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8398 болып тіркелген, 2013 жылғы 17 шілдедегі № 172 (28111) «Егемен Қазақстан» газетінде ж а р и я л а н ғ а н) :

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын жасау ережесінде:
39-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«39. Бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) әзірлеу кезінде олардың мазмұнына қойылатын Бюджет кодексінде көзделген талаптар е с к е р і л е д і .

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері жоспарланатын бюджет қаражатының көлемдері, нәтижелілік және тиімділік көрсеткіштері бар жоспарлы кезеңге арналған бюджеттік бағдарламаларды әзірлейді.»;
41-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«41. Бюджеттік бағдарламада оның іске асырылуын бағалау үшін тікелей және түпкілікті нәтижелердің көрсеткіштері қамтылуы тиіс, сондай-ақ бюджеттік бағдарламада сапа мен тиімділік көрсеткіштері қамтылуы мүмкін.

Стратегиялық жоспарлар әзірлемейтін бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мемлекеттік органдардың қызметін қамтамасыз етуге бағытталған ағымдағы

бюджеттік бағдарлама бойынша тікелей нәтижені ғана көрсетеді.»;

46-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«46. Бюджет кодексінің 37-бабына сәйкес бюджеттік инвестицияларды жүзеге асыруға бағытталған бюджеттік бағдарламалар:

1) бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға;

2) заңды тұлғалардың жарғылық капиталға қатысуына арналған.

Бюджеттік инвестицияларды жүзеге асыруға бағытталған бюджеттік бағдарламалардың атаулары бюджет қаражаты бөлінетін мақсаттарды көрсетуі
т и і с . » ;

49-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«49. Нысаналы салым салуға бағытталған бюджеттік бағдарламалар, қордың автономдық білім беру ұйымдарының қызметіне және (немесе) ұйымдық-құқықтық нысанда құрылатын коммерциялық емес ұйымға, автономды білім беру ұйымдарының және олардың ұйымдарының немесе Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық мамандандырылған көрмені ұйымдастыру және өткізу бойынша қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың қызметін қаржыландыруды қамтамасыз етуге ғана арналған.»;

«10. Стратегиялық жоспарлар әзірлемейтін бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларды әзірлеуі» деген бөлімнің атауы алып
т а с т а л с ы н ;

50 - тармақ алып тасталсын ;

51 - тармақта :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«51. Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламасының жобасы осы Ережеге 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалады және мынадай
а қ п а р а т т ы қ а м т и д ы : » ;

Мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын;

«2-1) «Бюджеттік бағдарламаның басшысы» деген жол бойынша, бюджеттік бағдарлама басшысының (басшының орынбасары, орталық мемлекеттік органның қызметінің тиісті бағыттарына жетекшілік ететін орталық атқарушы орган жауапты хатшысы, аппарат басшысы) фамилиясы, аты-жөні, лауазымы,
т е г і к ө р с е т і л е д і ; » :

10), 11), 12), 13) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«10) «Тікелей нәтиже көрсеткіштері» деген жолда қол жеткізілуі осы функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыратын ұйымның қызметіне немесе көрсететін қызметіне толық тәуелді болатын, бюджет қаражаты шегінде орындалатын мемлекеттік функциялар, өкілеттіктер және көрсетілетін қызметтер көлемінің
с а н д ы қ с и п а т т а м а с ы к ө р с е т і л е д і ;

11) «Түпкілікті нәтиже көрсеткіштері» деген жолда халықтың өмір сүру

деңгейі мен сапасының нысаналы жағдайының (жағдайының өзгеруі), әлеуметтік саланың, экономиканың, қоғамдық қауіпсіздік пен басқа мемлекеттік органдар қызметіне белгілі бір мемлекеттік орган қызметінің тікелей нәтижелеріне қол жеткізуге негізделген мемлекеттік басқарудың басқа салаларының (аяларының) көрсеткіштері келтіріледі. Осы жол стратегиялық жоспар әзірлемейтін бюджеттің бағдарламалар әкімшісі қызметін қамтамасыз етуге бағытталған ағымдағы бюджеттік бағдарлама бойынша толтырылмайды;

12) «Сапа көрсеткіштері» деген жолда бюджеттік бағдарламаны іске асыру шеңберінде көрсетілетін мемлекеттік қызметтің оны алушылардың үміттенулеріне және мемлекеттік қызмет көрсету стандартына сәйкестігі дәрежесін көрсететін көрсеткіштер көрсетіледі. Осы жол стратегиялық жоспар әзірлемейтін бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің қызметін қамтамасыз етуге бағытталған ағымдағы бюджеттік бағдарлама бойынша толтырылмайды;

13) «Тиімділік көрсеткіштері» деген жолда бюджет қаражатының бекітілген көлемін пайдалана отырып, ең үздік тікелей нәтижеге қол жеткізу дәрежесін немесе бюджет қаражатының аз көлемін пайдалана отырып, тікелей нәтижеге қол жеткізуді көрсететін көрсеткіштер келтіріледі. Осы жол стратегиялық жоспар әзірлемейтін бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің қызметін қамтамасыз етуге бағытталған ағымдағы бюджеттік бағдарлама бойынша толтырылмайды;»;

52, 53 және 54-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«52. Бюджет шығыстарын жоспарлау үшін республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бюджеттік өтініммен бір мезгілде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық органға ағымдағы қаржы жылының 15 мамырына дейінгі мерзімде стратегиялық жоспарлардың жобаларын немесе стратегиялық жоспарларға өзгерістер мен толықтырулар жобаларын, бюджеттік бағдарламалар ж о б а л а р ы н ұ с ы н а д ы .

Стратегиялық жоспар әзірлемейтін бюджеттің бағдарламалар әкімшілері ағымдағы қаржы жылының 15 мамырына дейін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық және жергілікті уәкілеттік органдарға бюджеттік өтінімдерді және бюджеттік бағдарламалардың жобаларын ұсынады.

53. Республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларының жобаларын республикалық бюджет бекіткеннен кейін, бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бірінші басшысы оларды пысықтайды және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісім бойынша Қазақстан Республикасының Президенті республикалық бюджет туралы заңға қол қойған күннен бастап бір апта мерзімде бекітеді.

Жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларының жобалары тиісті жергілікті бюджет бекіткеннен кейін пысықталады және ағымдағы қаржы жылының 30 желтоқсанына дейін

мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті атқарушы органмен келісім бойынша жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бірінші басшысы о л а р д ы б е к і т е д і .

54. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларына:

- 1) Қазақстан Республикасының жаңа заңдары қабылданған немесе заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізілген;
- 2) жаңа бағдарламалық құжаттар қабылданған не өзгерістер енгізілген;
- 3) мемлекеттік органның функциялары, құрылымы өзгерген;
- 4) көрсеткіштерге қол жеткізуге ықпал ететін республикалық немесе жергілікті бюджеттердің параметрлері өзгерген жағдайларда, өзгерістер мен толықтыруларға енгізуге жол беріледі.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу кезінде бюджеттік бағдарламаларды әзірлеу мен бекіту кезіндегі осы Ережеде белгіленген талаптар сақталады.

Бюджетті нақтылауға байланысты бюджеттік бағдарламаларға өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда бюджетті әзірлеу мен бекіту кезінде Бюджет кодексінде белгіленген талаптар сақталады.

Қаржыландыру көлемінің өзгеруіне байланысты бюджеттік бағдарламаларға өзгерістер мен толықтырулар жобаларын тиісті бюджеттік комиссия қарайды.»;

Ережеге 5-қосымша осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда ж а з ы л с ы н .

2. «Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2013 жылғы 13 наурыздағы № 73 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8399 тіркелген, 2013 жылғы 17 шілдедегі № 172 (28111) «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларында :

3-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Бюджет кодексінің 67-бабына сәйкес тұрақты сипаттағы шығыстар, күрделі шығыстар, сондай-ақ басталған (жалғасатын) бюджеттік инвестициялық жобаларға және қабылданған мемлекеттік концессиялық міндеттемелерді орындауға арналған шығыстар базалық шығыстар болып табылады.»;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

« 4 . Б ю д ж е т т і к ө т і н і м :

бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шығыстарының лимиттері, жаңа бастамаларға арналған лимиттер; стратегиялық жоспар жобасының және (немесе) стратегиялық жоспарларға

өзгерістер мен толықтырулар жобасының;
бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламалары
ж о б а л а р ы н ы ң ;

Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2013 жылғы 13 наурыздағы № 71 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8397 тіркелген) бекітілген (бұдан әрі - Бірыңғай бюджеттік сыныптама) Қазақстан Республикасы Бірыңғай бюджеттік сыныптама с ы н ы п т а м а с ы н ы ң ;

өткен жоспарлы кезеңнің бюджеттік өтінімінің;
есепті қаржы жылындағы стратегиялық жоспарды іске асыру туралы есептің;
заттай нормалардың негізінде жасалады.

Бюджеттік өтінім бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шығыстарының лимиттері, жаңа бастамаларға арналған лимиттер шегінде жасалады.

Жаңа бастамаға арналған лимиттердің, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің шығыстары лимиттерінің белгіленген, бюджеттік өтінімде көзделген шығыстарының көлемі жоғарылаған кезде, бюджеттік өтінім қаралмай бюджеттік бағдарламалар әкімшісіне қайтаруға жатады.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі лимиттермен сәйкестендірілген бюджеттік өтінімді оның қайтарылғаннан күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органдарға ұсынады.»;

б - т а р м а қ т а :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын;

«1) бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің әрбір бюджеттік бағдарламасы бойынша шығыстардың түрлері бойынша есептеулер;»;
мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын;

«4-1) ағымдағы қаржы жылының бірінші тоқсанының қорытындылары бойынша нысаналы даму трансферттерін қоса алғанда, бюджеттік инвестициялық жобалар мониторингінің қорытындылары жөніндегі есеп;»;

13), 14) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«13) бюджеттік инвестициялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесі, құрылысқа жобалау алдыңғы (техникалық-экономикалық негіздемелер) және жобалау (жобалау-сметалық) құжаттаманың мемлекеттік сараптамасының он қорытындысы, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның бюджеттік инвестициялық жоба бойынша экономикалық он қ о р ы т ы н д ы с ы ;

14) концессиялық жоба бойынша концессияның жасалған шарты;»;

мынадай мазмұндағы 15-1) тармақшамен толықтырылсын;

«15-1) квазимемлекеттік сектор субъектілерінің, қаржыландыру көздерін (меншікті, қарызға алынған, бюджеттік, демеушілік және басқа) көрсетумен іске

асырылып жатқан және іске асырылуы жоспарланған инвестициялық жобалары
т у р а л ы а қ п а р а т ;

16) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«16) Заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы жүзеге асырылатын, бюджеттік инвестициялардың қаржы-экономикалық негіздемесі, ол бойынша мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның экономикалық оң қортындысы;»;

мынадай мазмұндағы 25-1), 25-2) тармақшалармен толықтырылсын;

«25-1) жол картасының бағыттары бойынша, оның ішінде Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бойынша шығыстарды жоспарлау кезінде республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері арасында қаражат бөлу және қаржыландыру лимиттері бойынша Жұмыспен қамту 2020 жол картасын іске асыру мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның қорытындысы;

25-2) медициналық техниканы сатып алу шығыстарын жоспарлау кезінде біріздендіруді талап ететін және құны бес миллион тенгеден астам медициналық техниканың клиникалық-техникалық негіздемесіне, техникалық сипаттамасы мен құнының сараптамасы бойынша лизинг берушінің қорытындысы.»;

14) тармақша мынадай редакцияда жазылсын;

«14) концессиялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін, концессиялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесі жөніндегі экономикалық сараптаманың оң қорытындысын, концессиялық жобаларды жоспарлау кезінде концессиялық жобаны бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті мемлекеттік органның және қазіргі республикалық меншік объектілері бойынша республикалық меншікке билік ету құқығын жүзеге асыру жөніндегі орталық уәкілетті мемлекеттік органмен келісу;»;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын;

«8. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға ұсынылатын бюджеттік өтінімге орталық атқарушы органның жауапты хатшысы (белгіленген тәртіппен орталық атқарушы органның жауапты хатшысының өкілеттіктері жүктелген лауазымды тұлға), ал мұндай болмаған жағдайда-мемлекеттік мекеме басшысы немесе ол уәкілеттік берілген тұлға, олардың жасалуына жауапты мемлекеттік мекеменің құрылымдық бөлімшесінің басшысы, ал соңғылары болмаған-тиісті бұйрықтармен міндеттерді атқару жүктелген тұлғалар қол қояды.

Бюджеттік өтінімде бюджеттік бағдарламалардың тиісті әкімшісінің жауапты орындаушысының фамилиясы, аты және әкесінің аты (бар болғанда) (бұдан әрі – фамилиясы, а.ә.), лауазымы, жұмыс телефоны міндетті түрде көрсетіледі.»;

13 және 14-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын;

«13. Шығыстардың экономикалық сыныптамасының әрбір ерекшелігі бойынша шығыстардың есептеулеріне орталық атқарушы органның жауапты

хатшысы (белгіленген тәртіппен орталық атқарушы органның жауапты хатшысының өкілеттіктері жүктелген лауазымды тұлға), ал мұндайлар болмаған жағдайларда – мемлекеттік мекеме басшысы немесе ол уәкілеттік берген тұлға, олардың жасалуына жауапты мемлекеттік мекеменің құрылымдық бөлімшесінің басшысы, ал соңғылары болмаған кезде – тиісті бұйрықтармен міндеттерді атқару жүктелген тұлға, бюджеттік бағдарламаның тиісті бұйрықпен айқындалған басшысы (басшының орынбасары, орталық мемлекеттік органның қызметінің тиісті бағыттарына жетекшілік ететін орталық атқарушы органның жауапты хатшысы, аппарат басшысы) және бас бухгалтер (қаржы-экономикалық бөлімнің бастығы) қол қояды.

14. Шығыстардың экономикалық сыныптамасының әрбір ерекшелігі бойынша қосымша егжей-тегжейлі есептеулерге және шығыстардың түрлері бойынша негіздемелерге орталық атқарушы органның жауапты хатшысы (белгіленген тәртіппен орталық атқарушы органның жауапты хатшысының өкілеттіктері жүктелген лауазымды тұлға), ал мұндайлар болмаған жағдайларда – мемлекеттік мекеменің басшысы немесе ол уәкілеттік берген тұлға, олардың жасалуына жауапты мемлекеттік мекеменің құрылымдық бөлімшесінің басшысы, ал соңғылары болмаған кезде тиісті бұйрықтармен міндеттерді атқару жүктелген тұлға, бюджеттік бағдарламаның тиісті бұйрықпен айқындалған басшысы (басшының орынбасары, орталық мемлекеттік органның қызметінің тиісті бағыттарына жетекшілік ететін орталық атқарушы органның жауапты хатшысы, аппарат басшысы) және қаржы-экономикалық қызметінің бастығы бұдан (әрі – бас бухгалтер (ҚЭБ бастығы) қол қояды.»;

мынадай мазмұндағы 14-1-тармақпен толықтырылсын:

«14-1. осы Қағиданың 13 және 14-тармақтарында көрсетілген шығыстардың экономикалық сыныптамасы бөлінісінде шығыстардың түрлері бойынша есептеулер мен негіздемелерді келісу бюджеттік бағдарламалар әкімшісі ішінде бюджеттік бағдарламалар әкімшісі басшысының бұйрығымен бекітілген тәртіппен жүзеге асырылады.»;

мынадай мазмұндағы 19-1 тармақпен толықтырылсын:

«19-1. 02-114-нысан (19-1-қосымша) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарына арналған шығыстарды есептеуге арналған.

есептеуді осы нысан бойынша жасаған кезде «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы 2013 жылғы 21 маусымдағы Заңын басшылыққа алған жөн.

19-1- қосымша сонымен қатар 135 «Техникалық персонал бойынша жұмыс берушілердің жарналары» ерекшелігі бойынша міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының шығыстарын есептеу үшін қолданылады.»;

мынадай мазмұндағы 56-1-тармақпен толықтырылсын:

«56-1. Ағымдағы қаржы жылының бірінші тоқсанының қорытындылары бойынша нысаналы даму трансферттерін қоса алғанда, бюджеттік инвестициялық жобалар мониторингінің қорытындылары жөніндегі есеп Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 17 сәуірдегі № 545 қаулысымен бекітілген Бюджеттік инвестициялық жобаларды қарау, іріктеу, іске асыруды мониторингілеу және бағалау ережесінде көзделген нысан бойынша және тәртіппен толтырылады.»;

58-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«58. Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 66-бабына сәйкес (бұдан әрі – Бюджет кодексі) республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бюджет шығыстарын жоспарлау үшін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға ағымдағы қаржы жылының 15 мамырына дейінгі мерзімде стратегиялық жоспарлардың жобаларын немесе стратегиялық жоспарларға өзгерістер мен толықтырулардың жобаларын, бюджеттік өтінімдерді және бюджеттік бағдарламалардың жобаларын ұсынады.

Стратегиялық жоспарлар әзірлемейтін бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері ағымдағы қаржы жылының 15 мамырына дейінгі мерзімде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті органдарға бюджеттік өтінімдер мен бюджеттік бағдарламалардың жобаларын ұсынады.

Осы тармақта көрсетілген құжаттардың нәтижелеріне бағалау жүргізілген жағдайларда, бағалау нәтижелері қоса беріледі.»;

66-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«66. Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 68-бабына сәйкес мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган есепті қаржы жылындағы бюджеттің атқарылуын талдау нәтижелерін, сондай-ақ жетекшілік ететін саладағы (аядағы) стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу және оларды іске асыру және бюджет қаражатын басқару бойынша мемлекеттік орган қызметінің тиімділігін бағалау нәтижелерін ескере отырып:

1) стратегиялық жоспарлардың жобаларын немесе стратегиялық жоспарларға өзгерістер мен толықтырулардың жобаларын олардың стратегиялық және бағдарламалық құжаттарға, елдің әлеуметтік-экономикалық даму болжамына, Қазақстан Республикасының бюджет және өзге де заңнамасына сәйкес келуі тұрғысынан;

2) бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдерін олардың Қазақстан Республикасының бюджет және өзге де заңнамасына, әлеуметтік-экономикалық даму болжамына, қолданыстағы заттай нормаларға және стратегиялық жоспарлардың жобаларына немесе стратегиялық жоспарларға өзгерістер мен толықтырулардың жобаларына сәйкес келуі тұрғысынан;

3) стратегиялық жоспарлар әзірлейтін бюджеттік бағдарламалар

әкімшілерінің бюджеттік бағдарламалар жобаларының көрсеткіштерін олардың стратегиялық мақсаттармен, стратегиялық бағыттардың міндеттерімен өзара байланысы тұрғысынан;

4) стратегиялық жоспарлар әзірлемейтін бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламалары жобаларының көрсеткіштерін олардың бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің функцияларына, өкілеттіктеріне, қызметінің бағыттарына сәйкес келуі тұрғысынан қарайды.»;
мынадай мазмұндағы 66-1–тармақпен толықтырылсын:

«66-1. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган есепті қаржы жылындағы бюджеттің атқарылуын талдау және бюджет қаражатын басқару жөніндегі мемлекеттік орган қызметінің тиімділігін бағалау нәтижелерін ескере отырып:

1) бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдерін олардың Қазақстан Республикасының бюджет және өзге де заңнамасына, әлеуметтік-экономикалық даму болжамына, аумақтарды дамыту бағдарламасының көрсеткіштеріне және қолданыстағы заттай нормаларға сәйкес келуі тұрғысынан;

2) бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларының жобаларын олардың бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің функцияларына, өкілеттіктеріне, қызметінің бағыттарына сәйкес келуі тұрғысынан қарайды.»;

67-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) мемлекеттік инвестициялық жобалар бойынша бюджеттік заңнамаға сәйкес құжаттаманың болуы есепке алынады, сонымен қатар бюджеттік инвестицияларды іске асырудан болатын экономикалық және әлеуметтік ұзақ мерзімді қайтарымның көрсеткіштерің ескерумен отырып, мониторингілеу және бағалау нәтижелері;»;

68, 69 және 70-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«68. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті органдар стратегиялық жоспарлардың жобаларын немесе стратегиялық жоспарларға өзгерістер мен толықтырулардың жобаларын, бюджеттік өтінімдерді, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларының жобаларын қарау қорытындылары бойынша стратегиялық жоспарлардың жобалары немесе стратегиялық жоспарларға өзгерістер мен толықтырулардың жобалары, бюджеттік өтінімдер және бюджеттік бағдарламалардың жобалары бойынша қорытындыларды қалыптастырады және оларды тиісті бюджет комиссиясының қарауына жібереді.

69. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері мен мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органдар арасындағы келіспеушіліктерді тиісті бюджет комиссиясы қарайды.

Тиісті бюджет комиссиясы осы Ереженің 66, 66-1 және 68-тармақтарында көрсетілген материалдарды қарайды және олар бойынша ұсыныстар әзірлейді.

70. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бюджет комиссиясының ұсыныстарына сәйкес мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органдарға стратегиялық жоспарлардың пысықталған жобаларын немесе стратегиялық жоспарларға өзгерістер мен толықтырулардың жобаларын, бюджеттік бағдарламалардың жобаларын және бюджеттік өтінімдерді ұсынады.

Стратегиялық жоспарлар әзірлемейтін бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органдарға бюджеттік бағдарламалардың пысықталған жобаларын және бюджеттік өтінімдерді ұсынады.»;

Ереже осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес 19-1-қосымшамен толықтырылсын; осы Ереженің 2-51, 54-62 қосымшаларында «Орталық атқарушы органның жауапты хатшысы/ мемлекеттік мекеме басшысы _____

қолы аты-жөні» _____
деген жолдан кейін:

«Бюджеттік бағдарлама басшысы қолы аты-жөні _____
деген жолмен толықтырылсын».

2. Бюджеттік жоспарлау және болжамдау департаменті (Ж.Т. Тоқабекова) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі мен ресми бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ол 2015 жылдың 1 қаңтарында күшіне енетін осы Бұйрықтың 1-тармағы 1) тармақшасының бесінші-алтыншы, он жетінші - он сегізінші, отызыншы екінші - отыз үшінші, абзацтарын қоспағанда, ресми жариялануға жатады.

Министр *Е. Досаев*

Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2014 жылғы 31 қаңтардағы № 34 бұйрығына 1-қосымша

Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын жасау ережесінің 5-қосымшасы нысан

Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің БЮДЖЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ

бюджеттік бағдарлама әкімшісінің коды және атауы _____

бюджеттік бағдарламаның коды және атауы _____

бюджеттік бағдарламаның басшысы _____

_____ жылдарға арналған

Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі						
Бюджеттік бағдарламаның сипаттамасы (негіздемесі)						
Бюджеттік бағдарламаның түрі				мемлекеттік басқару деңгейіне байланысты		
				мазмұнына байланысты		
				іске асыру тәсіліне қарай		
				ағымдағы/даму		
Бюджеттік бағдарламаның мақсаты						
Бюджеттік бағдарламаның міндеттері						
Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар				жоспарлы кезеңде іске асыру мерзімі		
1				2	3	4
Бюджеттік бағдарлама көрсеткіштерінің атауы	өлшем бірлігі	есепті жыл	ағымдағы жыл жоспары	жоспарлы кезең		
1	2	3	4	5	6	7
Тікелей нәтиже көрсеткіштері						
Түпкілікті нәтиже көрсеткіштері*						
Сапа көрсеткіштері *						
Тиімділік көрсеткіштері*						
Бюджет қаражатының көлемі	мың теңге					

* осы жолдар стратегиялық жоспарлар әзірлемейтін бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің қызметін қамтамасыз етуге бағытталған ағымдағы бюджеттік бағдарлама бойынша толтырылмайды.

Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2014 жылғы 31 қаңтардағы № 34 бұйрығына 2-қосымша Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларына 19-қосымша 01-114-нысан

Зейнетақы жарналарына арналған шығыстарды есептеу

Жылы _____ Кодтары _____

Мәліметтер түрі (болжам, жоспар, есеп) _____

Функционалдық топ _____

Бағдарламалардың әкімшісі _____

Мемлекеттік мекеме _____

Бағдарлама _____

Ерекшелік _____

Қызметкерлер саны	Қызметкерлерін айдағы ақшалай сомасы	Зейнетақы жарнасының мөлшері	Бір айдағы жарнаның сомасы (2-бағ.х3-бағ.)/100	Бір жылдағы жарнаның сомасы (4-бағ.х12)
1	2	3	4	5
бірл.	мың теңге	%	мың теңге	мың теңге

Орталық атқарушы органның жауапты хатшысы/ мемлекеттік мекеме басшысы _____ (қолы) _____ (аты-жөні)

Бюджеттік бағдарлама басшысы _____ (қолы) _____ (аты-жөні)

Бас бухгалтер (ҚЭБ бастығы) _____ (қолы) _____ (аты-жөні)